



Кешіре білуді үйренеміз





Құндылығы: Ішкі тыныштық
Қасиеттері: сыпайылық; ашуланбау;
шыдамдылық;



Мақсаты: оқушыларды кешіре білуге үйрету арқылы, дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.

Міндеттері:

1. Білімділік: Оқушыларды ашуланбауға үйрету
2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы шыдамдылық қасиеттерін дамыту.
3. Тәрбиелік: Оқушыларды сыпайылыққа тәрбиелеу.

Өзін - өзі тану пәнінің ережесі

5Т



T

- әртіп
- азалық
- алап
- ЫНЫШТЫҚ
- атулық





**Тыныштық сәті.
Су асты патшалығына ойша
саяхат.**

Үйге тапсырманы тексеру

1. №18 – сабақ. Өздері жасаған ізгіліктерін туралы жазып келу.
2. Келесі сабақ. №19, «Шіріген картоп» өсиет әңгімені оқып келу.

Сұрақтар:

1. Әкесі балаларына неліктен мұндай тапсырма берді деп ойлайсыңдар?
2. Балалар әкесінің тапсырмасынан қандай сабақ алды?
3. Өкпе-реніш неліктен сасыған картопқа ұқсайды?
4. Өздеріңнің басқаларға өкпе-реніштеріңнің себебіне үңіліп көрдіңдер ме?
5. Сендер өкпе-ренішті қалай жеңесіңдер? Әңгімелеп беріңдер.



Сабақтың дәйексөзі.

(Оқушыларға 3 рет айтқызып, дәптерге жаздырту)

Кешіре білген адам – күшті адам.

Нақыл сөз

Сұрақтар:

1. «Кешірім», «кешірімділік», «кешірімді болу» дегенді қалай түсінесіздер?
2. Өкпелеп, ренжігенде өздерінді қалай сезінесіңдер?
3. Дәйексөзден қандай ой түйдіңдер?

**Мұғалім сыйы.
Ақымақ өгіз.**





Сұрақтар:

1. Жаман қылықтарға кек сақтамай кешірім беру және кешірім сұрау сендердің қолдарыңнан келе ме? Өз өмірлеріңнен мысалдар айтып беріңдер.
2. Осыған ұқсас жағдаяттар туралы әңгімелеп бере аласыздар ма?



Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

Тапсырма: Төменде берілген рөлдер бойынша жаңалықтар бағдарламасын дұрыс әрекетке негіздеп жасаңдар.

а) Зерттеуші тілші.

Тәулік бойы кешірімділік жайлы орын алған оқиғалар туралы хабарлайды.

ә) Теледидар жүргізушісі.

Кешірімділік жайлы оқиға орнынан жиынтық ақпараттар ұсынады.

б) Сұхбат алушы тілші.

Әлемдегі барлық адамдар кешірімді болса, онда...



Топпен эн айту.

Бақытты балалар әні

Өлеңін жазған: Қосжан Мүсірепов

Әнін жазған: Ибрагим Нүсімбаев

Біз көңілді ұланбыз,

Ән шырқаймыз, сайраңдап.

Бақытты елде туғанбыз,

Жаз гүліндей жайраңдап.

Бөбектерді қуантып,

Құрметтейміз қарттарды.

Өнерге біз құмартып,

Өсіреміз бақтарды.

Шынығамыз, ойнаймыз,

Жас ұрпақпыз талапты.

Жаз қызығын тойлаймыз,

Жақсы оқимыз сабақты.



Үй тапсырмасы.

1. №19 – сабақ. Кешіре білудің жолдарын жасандар. Дәптерге жазындар.

2. Келесі сабақ. №20, Иван Василенконың «Өткел» әңгімесін оқып келу



Сабақтың қорытынды сәті.

Тыныс алуға зейін қою.

Баяу музыка қойылады.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, түзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе 1.....2 [3]. Рахмет!

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.